**Автор**: Арысова Маншук Сайлауовна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Мен - зерттеушімін
**Тақырып**: Жүйке жүйесін қандай мүшелер құрайды?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.2.3.2. Жүйке жүйесі және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Жүйке жүйесіне енетін ағзаларды біледі.<br>Көптеген оқушылар:Жүйке жүйесіне енетін әр мүшенің адам ағзасындаатқаратын рөлін сипаттайды<br>Кейбір оқушылар: Жүйке жүйесі бойынша менталды карта құрастыра алады |
| Тілдік мақсаттар: | Пәндік терминология мен тірек сөздер: Жүйке жүйесі "ми" , "жұлын" , "жүйелер"<br>Сабақта диалог /жазу үшін пайдаланылатын тіл |
| Күтілетін нәтиже: | Жүйке жүйесіне енетін ағзаларды біледі. |
| Бағалау критерийлері: | - Жүйке жүйесіне енетін ағзаларды атайды<br>- Жүйке жүйесінің адам ағзасындағы рөлін сипаттайды |
| Құндылықтарды дарыту: | "Адасқан ариптер " әдісі кезінде ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеймін.<br>Жүйке жүйесінің маңыздылығы жайлы айта келе салауатты өмір салтына тәрбиелеу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интербелсенді тақта https://vk.com/video (сабақты түсіндіру кезінде қолданамын)<br>«Таңғалдыру сәттері» әдісі топпен жұмыс жасау кезінде планшет арқылы оқулықтағы бейнежазбаны қарау кезінде АКТ -мен байланысады. |
| Пәнаралық байланыс: | Бейнежазбаларды қарап, талқылау кезінде АКТ пәнімен байланысады "Ұйқасын тап" әдісімен топқа бөліну кезіндеәдебиет оқу пәнімен байланысады |
| Бастапқы білім: | Адамның ішкі мүшелерінің орналасуы туралы мәліметтерді біледі. "Білетініңіздің барлығы" әдісі бейнежазбасы бойынша талқылау кезінде еске түсіріледі |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(8 минут) | Сабақтағы жоспарланған іс- әрекет<br>Қызығу шылығын ояту"Көңіл күйін қандай балақай?" әдісі Балалардың көңіл күйлерін сұрау( күннің, ашық бұлттың, қою бұлттың суреттері<br>5f46c8a4b9a145.png<br>беріледі) Image not found or type unknown Дескриптор: -Суреттер арқылы көңілкүйлерін айтады. "Ұйқасын тап"әдісімен топқа бөлу. Абай Құнанбаевтың өлеңдерімен 3 топқа бөлінеді. (өлең жолдарыналып, бір өлеңді құрастырып шығады)<br>Қыс<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.<br>Үсті - басы ақ қырау, түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап, келіп қалды.<br>Жаз<br>Жаздыгүн шілде болғанда,<br>Көкорай шалғын, бәйшешек,<br>Ұзарып өсіп толғанда;<br>Күркіреп жатқан өзенге,<br>Күз<br>Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,<br>Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.<br>Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,<br>Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.<br>Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойы туралы айтылады.<br>5f46c60d96047.png<br>1 топ – Ми Image not found or type unknown<br>5f46c6184e2fe.png<br>2 топ – Жұлын Image not found or type unknown<br>5f46c629f2498.png<br>3 топ – Жүйкелер Image not found or type unknown<br>Саралау: Топқа бөлуде жіктеу арқылы сараланады.<br>Дескриптор: -Өлең жолдарын алып,бір өлең құрастыру арқылы топқа бөлінеді. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(15 минут) | III. Ширату тапсырмасы<br>ҰЖ. "Білетініңіздің барлығы" әдісі<br>Бейнежазба"Адамның ішкі мүшелерінің орналасуы" туралы мәліметтерді еске түсіру мақсатында)<br>Дескрипторы:<br>-Бейнежазбаны қарайды.<br>- Адамның ішкі мүшелерінің орналасуын атайды<br><br>М.Т " Есте сақтайық" Бейнебаян (Жүйке жүйесіне енетін ағзалар туралы түсінік беру`) Дескриптор:<br>- Жүйке жүйесінің құрылысын ажыратады.<br>- Адамның жүйке жүйесінің мүшелерін анықтайды.<br>- Жүйке жүйесінің қызметі адамның барлық мүшелерінің үйлесімді жұмыс істеуін , реттеуін , басқаруынмен танысады<br><br>ҰЖ "Ыммен, қимылмен көрсет" әдісі ( Мұғалім көрсетіп тұрған жағдаяттарға балалар өз реакциясын ыммен ,қимылмен көрсетеді)<br>-Қолына ине кіріп кетті<br>-Саусағыңды балғамен ұрып алдын<br>-Көзіңе жарық сәулесі түсті<br>-Кенеттен қатты күн күркіреді<br>-Қарның ашты<br>-Әдемі табиғат пейзажың көрдің<br>-Ыстық табаға қолың тиіп кетті<br>-Хош иісті гүлді иіскедің<br>Талдау сұрақтары «Конверт – сұрақ» әдісі<br>- Осы реакцияларды қалай жасайсың? - Осындай жағдайларды шынайы өмірде жасағанда ағзаңды не басқарады?<br>Дескриптор:<br>- Ыммен қимылмен көрсетеді;<br>- Сұрақтарға жауап береді;<br>1 - Бағалау критерийі :<br>Жүйке жүйесіне енетін ағзаларды атайды.<br><br>ЖЖ:«Досыңмен бөліс »әдісі арқылы жүзеге асады. (Оқушыларға қағаздан қиылған адамның сұлбасына ми,жұлын ,жүйкелерді салады )<br>5f46c7d23689d.png<br><br>Image not found or type unknown<br>Image not found or type unknown<br><br>Дескриптор:<br>- Адамның сұлбасына "ми"," жұлын", "жүйкелерді" салады;<br><br>Саралау: Қорытынды жауаптарына сәйкес жұптарды саралайды<br><br>ТЖ «Біліміңді қолдан» әдісімен топтарға тапсырмалар беріледі.<br>I топ.«Ми » тобы: (Планшетпен AR NIS 4жаратылыстану оқулықтағы бейнежазбаны қарап жүйке жүйесі енетін ағзаларды айтады)<br>Дескриптор:<br>- Бейнежазбаны жүйке жүйесіне енетін ағзаларды қарайды;<br>- Жүйке жүйесіне енетін ағзалар туралы айтады ;<br>II топ. «Жұлын » тобы. (Оқушылар қиылған сурет бөліктерінен жүйке жүйесіне енетін ағзаларды айтады)<br>Дескриптор:<br>- Қиылған сурет бөліктерінен жүйке жүйесінің сурет құрастырады<br>-Құрастырған жүйке жүйесіне енетін ағзалардың суреттерін айтады<br><br>III топ: «Жүйкелер » тобы (Оқушылар жүйке жүйесіне енетін ағзалардың суреттерін салып айтады.<br>Саралау: Диалог және қолдау көрсету бойынша мұғалім тарапынан қажет топтарға нұсқау көрсетеді. Оқушылар да бірін – бірі қателіктерін түзетіп отырады.<br>Дескриптор:<br>-Жүйке жүйесіне енетін ағзалардың суреттерін салады.<br>-Салған суреттерін айтады.<br><br>ҚБ тапсырмасы ӨЖ "Сәйкетендір " әдісі (Кесте бағандарында берілген ақпараттарды сәйкестендір)<br><br>Ағзалар жүйесінің қызметі<br>1) Мүшелер мен ағзалар жүйесінің жұмысын реттейді | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(15 минут) | ҚБ тапсырмасы ӨЖ «Ортақ портрет» әдісі<br>1) Суретке мұқият қара. Адамның жүйке жүйесінің мүшелерін жаз<br>5f46c07dc3a13.png<br>Image not found or type unknown<br>2) Сұрақтардың негізінде адамның жүйке жүйесі туралы әңгімеле<br>-Жүйке жүйесі деген не?<br>-Жүйке жүйесі қандай мүшелерден тұрады?<br>-Олар қандай қызмет атқарады?<br>-Адам ағзасы үшін жүйке жүйесінің қандай маңызы бар?<br>- адамның жүйке жүйесінің мүшелерін атайды;<br>- жүйке жүйесінің қызметін сипаттайды<br>- адам ағзасы үшін жүйке жүйесінің маңызын түсіндіреді<br>Саралау: Қарқын бойынша саралау Қарқыны жоғары ,қолдауды аз қажет ететін оқушыларға ментальды карта құрастыруға тапсырма беремін<br>Ментальды карта<br>А3 қағазға ментальды карта құрастыру<br>Саралау: диалог және қарқын бойынша саралау .<br>Қарқыны баяу , қолдауды көп қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар арқылы қолдау көрсетемін<br>Сұрақтар<br>1)Ми қандай қызмет атқарады ?<br>2) Адам ағзасын олар не үшін керек?<br>Бағалау "Жұлдызшалар" әдісі<br>5f46c9613e606.png - Жүйке жүйесінің адам ағзасындағы рөлін<br>сипаттай алса Image not found or type unknown - Жүйке жүйесінің<br>5f46b98cdc863.png<br>адам ағзасындағы рөлін сипаттауда қателесе Image not found or type unkno<br>- Жүйке жүйесінің адам ағзасындағы рөлін сипаттай алмаса<br>5f46b9749908b.png<br>Image not found or type unknown<br>«Ақиқат немесе жалған » әдісі<br>1.Жүйке жүйесін ми, жұлын, жүйкелер құрайды.<br>2.Жұлын мимен байланысты емес.<br>3.Жануарларда жүйке жүйесі болады.<br>4.Ми бассүйегінде емес .<br>Дескриптор:<br>- Бірінші пікірдің ақиқат екенін анықтайды.<br>- Екінші пікірдің жалған екенін анықтайды.<br>- Үшінші пікірдің ақиқат екенін анықтайды.<br>- Төртінші пікірдің жалған екенін анықтайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексия<br>(2 минут) | -Сабағымның мақсатын оқу бағдарламасының талабына сүйеніп алдым.<br>Оқушылардың барлығы әртүрлі әдістерді пайдаланып жүйке жүйесі және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау туралы мәліметтер түсіндірдім .<br>Дереккөздер көбірек қолданамын.<br>Интербелсенді тақтамен көбірек жұмыс жүргізуді қолға аламын.<br><br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1."Ұйқасын тап" әдісімен топқа бөлутабысты болды<br>2.«Бірлескен жұмыс» әдісімен топтарға тапсырмалар беру тиімді әдіс болды.<br><br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1. Жаңа әдіс-тәсілдер қолдансам сабақ жақсара түседі<br>2.Түрлі дереккөздер қолдансам сабақ жақсара түседі<br><br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1. Саралау тәсілдеріне көбірек көңіл бөлуім керек<br>2.АКТ құралдарын оқушылардың сабақта көбірек қолдануына көңіл бөлуім керек | |
| Саралау | "Ұйқасын тап" әдісімен топқа бөлуде жіктеу арқылы сараланадым<br><br>ЖЖ:« Досыңмен бөліс»әдісі қорытынды жауаптарына сәйкес жұптарды саралайдым<br><br>ТЖ «Біліміңді қолдан» әдісіменДиалог және қолдау көрсету бойынша мұғалім тарапынан қажет топтарға нұсқау көрсеттім .Оқушылар да бірін – бірі қателіктерін түзетіп отырды.<br><br>ТЖ «Бірлескен жұмыс»әдісімен қорытынды жауаптарына сәйкес топтарды сараланадым.<br><br>ӨЖ«Ортақ портрет»әдісі бойынша өзіндік жұмыс жүрген кезінде "Диалаог және қолдау көрсету арқылы сараладым.<br><br>ӨЖ«Ортақ портрет»әдісі арқылы қарқын бойынша менталды карта құрастыру тапсырмасы беру арқылы сараладым. | |
| Бағалау | 1-бағалау критерий бойынша «Жұлдызшалар » әдісі арқылы бағаладым<br>2-бағалау критерий бойынша «Т диаграмма» әдісімен тексеріп,<br>3 тапсырмада дұрыс жауап болса жасыл түсті,<br>2 тапсырма дұрыс болса, сары түсті,<br>1 тапсырма немесе жауаптар бұрыс болса қызыл  түсті тақтайшаны көтереді.<br>«Т диаграмма» әдісі | |
| Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы | Сергіту сәтін өткізу барысында қауіпсіздік ережелері сақталады.<br>Денсаулығында ақауы бар балаларды ескеру | |